

## Меңдіқара ауданындағы шегіртке зиянкестері туралы.

Ағымдағы жылы Қостанай облысының аумағында республикалық бюджет қаражаты есебінен үйірлі шегіртке зиянкестері бойынша қорғаныш іс – шараларының болжамды көлемі - 650,0 мың га, оның ішінде: – италиялық прус бойынша - 639,7 мың га; – азиялық шегіртке бойынша – 10,3 мың га; жергілікті бюджет есебінен саяқ көк қасқа шегіртке зиянкестері бойынша – 21,174 мың га құрайды. Меңдіқара ауданында 2025 жылғы маусымға үйірлі шегірткесі бойынша химиялық өңдеулердің болжамды көлемі жоспарланбаған.

Аудан бойынша 2025 жылға саяқ шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 400 гектар алқапта жүргізу жоспарлануда. Жоспар бойынша мына ауылдық округтер;

1. Михайлов а/о - Мем.қор - 0,063га.
2. Краснопреснен а/о - Мем.қор - 0,175 га.
3. Тениз а/о - Мем.қор - 0,100га
4. Введен а/о - Мем.қор - 0,037га.
5. Алешин а/о. - Мем.қор - 0,025га

Саяқ көк қасқа шегіртке (саяқ шегіртке)-дене мөлшері шегірткеге қарағанда кішірек. Үлкен үйірлер түзбейді және ұзақ қашықтыққа ұшуға қабілетсіз. Аймақта кең таралған саяқ шегіртке негізгі түрлері : Айқышты саяқ шегіртке (*Paracoryptera microptera* F. W.) сарғыш-қоңыр, ақ жолақты саяқ шегіртке (*Chorthippus albomarginatus* D. G.) -қоңыр, сібірлік саяқ шегіртке (*Gomphoceris sibiricus* L.) қоңыр немесе жасыл, сібірлік саяқ шегіртке суыққа төзімділігі жоғары және кең дала мен орманды дала аймағында таралған. Тіршілік ету ортасы- дәнді өсімдіктері бар жерлер. Саяқ шегіртке өсіп келе жатқан жерлерде шөптесін өсімдіктермен қоректенеді, содан кейін жаздық бидайға, арпаға және сұлы дақылдарына ауысып, қатты зиян келтіреді.

Шегірткелердің көбеюіне температураның жоғарылауы, жауын-шашынның аз болуы қолайлы. Жылудың жетіспеушілігі шегірткелердің дәрнәсілдерінің дамып жетілуіне қолайсыз жағдай туғызады.

Қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар өз аумақтарында фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыруға және зиян тигізушілер оларға (саяқ көк қасқа шегіртке жатады) зиян тигізушілердің экономикалық шегінен асуы анықталған жағдайда фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік қордағы жерлерде бақылау Меңдіқара «РФДжБӨО» РММ аудандық филиалы жүргізіледі.

Шегірткелердің үйірлі пішіндерінің дернәсілдері анықталған жағдайда" ҚР АШМ АӨК МИК Меңдіқара ААИ " ММ тел. хабарлау қажет. 8-714-43-2-40-68. немесе ҚР АШМ АӨК МИК " РФДжБӨО» РММ Меңдіқара аудандық филиалы, тел. 8-714-43-2-40-

76

Бас маман-өсімдіктерді қорғау  
және карантині жөніндегі  
мемлекеттік инспектор  
Меңдіқара ААИ ҚР АШМ АӨК МИК

Ансабаев Е.ІІ.